# Ата-аналар үшін баланың балабақшаға бейімделуіне арналған кеңестер



Тәрбиешілер: Бидаулетова П
Ходжакулова Р

**«Егер адам өзін – өзі жақсылыққа тәрбиелесе - ... нәтижесі де жақсы болмақ»**

**В.А.Сухамлинский**

**Ата – аналар үшін баланың балабақшаға бейімделу туралы кеңес.**

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес беремін:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз.
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокка сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың «әлеуметтік көкжиегін» кеңейтіңіз, аулададағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреніcіп, тіл табысатын болады.
- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет. балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, әймәлеп, әзіл оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жіберген жөн абзал.
- Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.
- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.
- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.
- Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин маймен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көңілді, өз жақындарымыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның

медико – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

Сәт сапар, саған балапан жаңа орталар!

«Күнделікті құммен ойын кезінде сақталатын шаралар» тақырыбы бойынша диагностика

Мақсаты: құмда ойнағанда қауіпсіздік шараларын алу, баланы салауатты өмірге ерте жастан тәрбиелеу.

Балақайға сұрақтар:

1. Құмда ойнағанда қауіпсіздік шараларын неліктен сақтау қажет деп есептейсің? Балақай сен осы ережені сақтайсың ба?
2. Үйдегі дәрілер жинақ қобдишасы деген не және ол не үшін қажет? Сен балабақшадағы дәрілер жинақ қобдишасы қай жерде тұратынын білесің бе, ал үйде ше?
3. Ойлап көрші, сен құмды төңірегіңдегілерге шаштың. Сен шашқан құм басқа балалардың көзіне түсті. Не болуы мүмкін?
4. Қалай ойлайсың, жаңбыр жауған күні құмда ойнауға келісе ме?
5. Құмда сен қандай ойындар ойнар едің? Жүр маған сен қандай ойындар ойнайтыныңды көрсет!
6. Бізге Білмесқан қонаққа келді делік, ол құмда ойнаудың ережелерін білмейді сен оған құмда ойнағанда нені болатынын нені болмайтынын қалай түсіндірер едің.

# *Баланың балабақшаға бейімделуі*

Ата-аналардың алдында баланы 1,5 жасқа толғаннан кейін балабақшаға орналастыру туралы сұрақ туады. Психологиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, мұндай батыл талап осы жастағы балаларға қолайлы кезең емес. Бұл жастағы балалар анасына ерекше жақын болады, анасының жоқтығы оған қатты әсер етеді. Балабақшадағы тәрбиешілердің қолына бергенде, олар өзіне жақсы қамқорлық жасалғанның өзінде мазасыздықты сезінеді. Баланың алғашқы белсенділігі біраз уақыттан кейін эмоционалдық және танымдық процестің тоқтап қалуына ауысады, яғни баланың психологиялық дамуын жалпы баяулайды.

Адамның белсенділігі және эмоционалдық жағдайы ерте сәбилік кезіндегі тәрбие жағдайына байланысты анықталады, ондай балалар кейін талантылығын және белсенділігін көрсете алмайды. Эмоционалдық жағынан қарағанда үлкен алаңдаушылыққа әкеледі, ол тез үрейленгіш,көнбіс іс-әрекет және басқа жүйке белгілерімен анықталады. Сонымен өзінің тұрмыстық жағдайларын шешкен ата-аналар басқа психологиялық жағдайларға ұрынуы мүмкін.

Баланы мектепке дейінгі мекемеге орналастыру психологиялық жағынан қарағанда өткір пікір таласты болып табылады. Жалпы тәрбие туралы ой тудырушылар бұрыннан байқаған, балаға сәбилік шақта отбасындағы тәрбие өте маңызды. Отбасында балаға ешқандай тәрбиемен теңестірілмейтін тәрбие беріледі. Балалар психологиясы мамандары да осындай көзқараста. Тәжірибе мектепке дейінгі жалпы тәрбиеге алаңдаушылық туғызатынын көрсетеді. Әсіресе ол баланы ерте ясли-бақшаға орналастыруға қатысты.

Сәби жастағы балалардың көпшілігі өзінің өміріндегі мұндай өзгеріске нашар бейімделеді. Көптеген балалар алғашқы күндері үйренбеген ортаға мазасызданып, содан соң сылбыр және көп сөйлемейтін жағдайда болады.Бұл анасынан бөліну, таныс емес адамдармен кездесуі, өміріндегі барлық іс- әрекеттің өзгеруі кезіндегі өткір эмоционалдық жағдайдың негізінде болады. Балаларда аурулардың жиі болуы байқалады. Бұл ортаның ауысқанымен түсіндіріледі. Ал негізгі себеп- ағзаның қорғаныс қабілетін тез төмендететін эмоциялық жағдай.

Отбасы жағдайы баланы ясли-бақшаға орналастыру керектігін айтса, онда баланы екі жасқа толғаннан соң ясли-бақшаға орналастыру керек. Екі жастағы балада анасына тәуелділік сақталмаған, ал таныс емес үлкендерді жатсынбайды. Сондықтан балабақшаға бейімделу кезеңі шиеленіссіз өтеді. Бірақ ол физиологиялық және жүйкесі әлсіреген балаларға қатысты емес. Ондай балаларды ясли – бақшаға орналастыру қажет емес.

Балабақшаға баланың үш жастан орналасқаны дұрыс емес деп есептеледі. Балаға бұл жағдай тері әсер етеді. Бұл мектеп жасына дейінгі баланың психологиялық дамуының ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Ерте сәбилік шақтағы балалар құрдастарымен қарым-қатынаста болу қажеттілігі әлі қалыптаспаған немесе әлсіз білінеді. Тіпті бірнеше бала бір уақытта ойнаған

кезде де, ойын әрекеттерін бала жеке орындағанды ұнатады, яғни бұл «топпен ойын» емес, «жеке ойын».

Құрбыларымен біріккен іс-әрекетті қажет ететін мектеп жасына дейінгі баланың басты іс- әрекетінің маңыздысы сюжетті-рольдік ойын болып табылады. Отбасындағы тәрбие жағдайында баланың құрбыларымен қарым-қатынас жасауы шектеулі. Балабақшада әр бала әрқашан құрбыларының ортасында болғандықтан ол олармен ойнайды, қарым-қатынаста болады және бұл оның дамуына тікелей әсер етеді. Сонымен бірге балабақшада балалардың мектепке дайындығын қалыптастыратын үздіксіз дамыту сабақтары өткізіледі. Бұл сабақтардың негізгі маңыздылығының рөлі ата-анасын баланың танымдық дамуына аса көңіл бөлмегендігіне байланысты.

Сондықтан шешім қабылдай келе қоғамдық немесе отбасылық тәрбиені мектеп жасына дейінгі бала ала алады. Ата-аналар қандай жағдайда болмасын осы немесе басқа нұсқаның жағымды және жағымсыз жағдайын сезінуі керек, жоғары деңгейде біріншi және екіншісін орындауға